**Бекітемін:** _______

## Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

**1 -апта**

**Білім беру ұйымы**: №116 орта мектеп

**Топ/сынып:МАД «б»**

**Балалардың жасы:** <u>**5-6 жас**</u>

**Жоспардың құрылу кезеңі:** <u>**30 қаңтар- 3ақпан, 2023 оқу жылы**</u>

| **Ұ. і. ә. кестесі** / **Күн тәртібі** | Дүйсенбі<br>Сөйлеуді дамыту<br>Математика негіздері<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Дене шынықтыру | Сейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Математика негіздері<br>Қазақ тілі<br>Музыка | Сәрсенбі<br>Математика негіздері<br>Сөйлеуді дамыту<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру | Бейсенбі<br>Сауат ашу негіздері<br>Қазақ тілі<br>Қоршаған ортамен таныстыру<br>Музыка | Жұма<br>Сауат ашу негіздері<br>Көркем әдебиет<br>Дене шынықтыру<br>Сурет салу 0,25<br>Құрастыру 0,25<br>Мүсіндеу 0,25<br>Жапсыру 0,25 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау. Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Сәлеметсіз бе?!<br>Демалысың қалай өтті? | Қайырлы күн! | Қош келдің! | Сәлем, көңіл күйің қалай? | Армысың, алтын күн! |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Кешенді жаттығу. №1** | **Кешенді жаттығу. №2** | **Кешенді жаттығу. №3** | **Кешенді жаттығу. №4** | **Кешенді жаттығу. №5** |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Паравоз»<br>Мақсаты: Балалардың бірінің артына бірі тіркеліп тұрып паравоз сияқты жүруге, өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.<br>Мазмұны: Қатар - қатар тұрайық,<br>Кәне, кәне, сұрайық.<br>Кімнің болса бойы ұзын<br>Паравозы пойыздың<br>Кімнің, апай, бойы | «Не өзгерді?»<br>Мақсаты: Көру арқылы ойлау қабілеттерін арттыру.<br>Көрнекіліктер: Жеміс пен көкөністің мульяжы.<br>Ойын барысы:<br>Тәрбиеші жеміс пен көкөністің бір - екі түрін араластырып қойып. Балаларға көздерін жұмуын сұрайды. Сол арада | «Күн мен түн»<br>Мақсаты: Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу.<br>Ойын мазмұны: Балалар бірі «Күн», екіншісі «Түн» тобы болып екіге бөлінеді. Олардың бір - бірінен бөлек, өз үйлері болады. Тәрбиешінің көрсетуі бойынша екі команда да жаттығулар жасап тұрады. Тәрбиеші «Күн» деп белгі | «Жыл мезгілдері»<br>Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау.<br>Көрнекіліктер: Жыл мезгілдері суреттері мен карточкалары.<br>Ойын барысы: Тәрбиеші балалардан жылдың қай мезгілі екенін сұрайды. Жыл мезгілі төрт бөліктен | «Жапырағына қарай ажырат»<br>Мақсаты: Ұқсас белгісіне қарай жапырақтарды таба білуге жаттықтыру. Сөздік қорын толықтыру, есту, қабылдау қабілетін дамыту.<br>Көрнекіліктер: әр түрлі жапырақтар<br>Ойын шарты: жапырақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұзын<br>Паравозы ол<br>пойыздың?!<br>Тәрбиеші бойы ұзын<br>баланы көрсетеді. Сол<br>бала<br>паравоз болып алда<br>тұрады. Ал қалғандары<br>соның<br>артынан ұстап тұра<br>бастайды.<br>Ал, паравоз баста алға,<br>Бәрімізді басқар да!<br>Пш - пш, пш - пш!- біз<br>кеттік<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Жүрісті біз гулетіп<br>Гу - гу, гу - гу, гуілдеп<br>Қалып қойма бірінде<br>Пш - пш, пш - пш!- біз<br>кеттік жүрісті біз<br>үдеттік. | жеміс пен көкөністің<br>арасынан біреуін алып<br>жасырып қояды. Көзін<br>ашқан балалардан не<br>өзгергенін сұрайды.<br>Ойын осылай<br>жалғасады, барлық<br>балалармен бірге<br>ойналады | берген кезде, сол топтың<br>балалары үйіне жеткізбей<br>қуып жетулері керек. Қолға<br>түскен балалар қуушылар<br>қатарына қосылады. Сөйтіп,<br>ойын осылайша алма - кезек<br>жүріп отырады. Көп бала<br>ұстаған команда жеңіске<br>жетеді. | тұрады, әр бөлікке сәйкес<br>мезгілдердің ерекшелік<br>карточкасы бар.<br>Балалар жыл мезгілдерінің<br>өзгерістері карточкасын<br>алып сәйкес келетін<br>мезгілдерге қойып<br>шығады.(мысалы: қыс<br>мезгіліне қар, шырша,<br>аққалат. б.) | салыстыру, қай ағаштың<br>жапырағы екенін табу. |
| **Ұйымдастыр<br>ылған<br>іс-әрекет** | **1.Сөйлеуді дамыту<br>(Қаңтар)**<br>**Міндеті:** Дауыссыз<br>дыбыстарды<br>анықтауды ойын<br>барысында үйрету<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>Әңгімелесу, тыңдау<br>ашық сұрақ, бала үні<br>сырласу, бақылау<br>жұмыстары.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>«Дауыссыз<br>дыбыстарды анықта».<br>Ойын шарты: «Қаңтар»<br>өлеңіндегі «мұздай»,<br>«ызғарлы», «қарлы»,<br>«түндер», «ұзарды»,<br>«қысқарды» сөздерінің | **1.Сауат ашу**<br>(31. Дыбыстық талдау)<br>**Міндеті:** Дауысты,<br>дауыссыз дыбыстар<br>туралы білімдерін бекіту<br>арқылы сөз құрап, сол<br>сөзді буынға бөле алу<br>дағдыларын бекіту<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**≪Дауыссыз дыбыстан<br>басталатын сөз<br>жалға≫ дидактикалық<br>ойыны**<br>Педагог балаларға<br>суреттер көрсетеді де,<br>балалар суретті атайды,<br>сол сөзге дауыссыз | **1. Математика негіздері**<br>(Заттар тобын салыстыру<br>және санау.)<br><br>**Міндеттері:** Топтарда<br>заттардың тең және тең<br>емес санын анықтауға,<br>санау және топтарды<br>салыстыру негізінде сандық<br>мәндерді дұрыс<br>қорытындылау<br>. **Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Педагог ойыншықтарға<br>саусақ тигізіп, дауыстап<br>санауды сұрайды. Мысалы,<br>4 ойыншық кесе бар.<br>– 4 саны жазылған<br>карточканы қоямыз. | **1. Сауат ашу** (Сөздерді<br>буынға бөлеміз)<br>**Міндеттері:** Сөздерді<br>буынға бөлуді жалғастыру,<br>берілген буынға сөз<br>құрауды үйрету.<br>. **Әдіс-тәсілдер:**<br><br>**Дидактикалық ойын:**<br>*≪Буынды айтып сөз<br>құра≫ дидакикалық ойыны*<br>Ойын шарты: педагог<br>айтқан буынға балалар сөз<br>құрап айтады.<br>Мысалы: *На... , та... , қа...,<br>жа..., ал..., мон..., ке..., те...,<br>шал...,қар..., қа..., пи.., бә...<br>т.б.* | **1. Сауат ашу** (Сөздерді<br>буынға бөлеміз)<br><br>**Міндеттері:** Дауысты,<br>дауыссыз дыбыстар<br>туралы білімдерін<br>бекітуге арналған<br>тапсырмаларды<br>орындату арқылы<br>логикалық ойлау<br>қабілеттерін дамыту<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**«Кім білгіш?»<br>дидакикалық ойыны**<br>Мысалы: *б, л, р, ө, т, и,<br>м, с, о, г, н, е, щ, у, ш, д,* |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ішінен дауыссыз дыбыстарды педагогтің көмегімен табу.<br>Мысалы:<br>«мұздай» сөзіндегі «д» дыбысы – дауыссыз дыбыс. «Ызғарлы» сөзіндегі «з» дыбысы – дауыссыз дыбыс.<br>Тапсырма ауызша орындалады.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі<br><br>**2. Математика негіздері** (10 көлемінде тура және кері санау)<br>.<br>**Міндеттері:** Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту.<br>Шыдамдылыққа тәрбиелеу<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Үй жануарларының қандай пайдасы бар?)<br>**Міндеті:** Үй жануарлары туралы түсініктерін жетілдіру<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>Геометриялық | дыбыстан басталатын сөз жалғайды.<br>Мысалы: доп ... (қызыл), бал ... (тәтті), ара ... (сары), етік ... (жылы), ет ... (дәмді),<br>мысық ... (сүйкімді), қыз ... (пысық), алма ...(дәмді), құмыра ...(қызыл), ата ... (еңбекқор), қазан ...(қара), жүзім ... (дәмді), ешкі ... (мүйізді), орындық ... (ыңғайлы), ат ... (жүйрік), түйе ... (қоңыр), маса ... (кішкентай), кітап ... (қалың), үй ... (жасыл), шырша ... (биік), кілем ...<br>(қысқа), үстел ... ( қоңыр) т.б.<br>**Дәптермен жұмыс**<br>1. Суреттерді ата. «С» дыбысы бар<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Жұлдыздар» әдісі<br><br>**2. Математика негіздері** (Заттар тобын салыстыру және санау.)<br>**Міндеттері:** Теңдік және теңсіздік туралы ұғым қалыптастыру<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Артығының бар-жоғын білу үшін | – Тәрелкелерді санаймыз. Олар неше? (3)<br>– Қайсысы көбірек? Қайсысы азырақ?<br>– Енді басқа сөредегі ойыншықтарды санаймыз. – Неше шырша бар? (5).<br>– Неше саңырауқұлақ бар? (6)<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br><br>**2.Сөйлеуді дамыту** (Кеме)<br>**Міндеті.** Көліктер, олардың түрлері туралы түсінік беру<br>**Әдіс-тәсілдері:** Артық затты тап»әдіс-тәсілдерін пайдаланамын.<br>**Дидактикалық ойын:**<br>Ойын шарты: Суреттегі көлік түрлерінің жолдарын салу. Құрлықта жолмен жүретін болса астына жол, аспанда ұшатын болса бұлттар, суда жүзетіндерге көл салып беру керек.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі<br><br>**3. Көркем әдебиет** (Алтын балта (орыс халық ертегісі))<br>**Міндеті:** Кейіпкерлердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге баулу<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық** | **Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**2. Қазақ тілі** (Менің Отаным)<br>**Міндеті:** Отан туралы түсініктерін кеңейту<br>**Әдіс-тәсілдер:** Сөздік ойын: «Сұрақ-жауап»<br>– Сенің Отаның қалай аталады?<br>– Менің Отаным – Қазақстан.<br>– Қай қалада (ауылда) тұрасың? (Қаласының, ауылының атын айтады).<br>– Отанымыздың бас қаласын ата?<br>– Отанымыздың бас қаласы – Нұр-Сұлтан.<br>– Қазақстан қандай мемлекет?<br>– Қазақстан – тәуелсіз мемлекет.<br><br>**Дидактикалық ойын:** «Аудармашы».<br>Педагог орыс тілінде сөздерді айтады, балалар аударады. Моя Родина – Менің Отаным.<br>Независимый – тәуелсіз.<br>Государство – мемлекет<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br><br>**3.Қоршаған ортамен таныстыру** (Үй жануарларының қандай | *ж, з, с, ч, і, з, в, ы, ф, й, ц, у, к, а, н.*<br>Педагог дыбыстарды айтады, балалар дөңгелектерді көтеру арқылы дауысты немесе дауыссыз дыбыс екенін ажыратады.<br>- Дауысты дыбыстарға қызыл текшені;<br>- дауыссыз дыбыстарға көк текшені көтеру арқылы ажыратады.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br><br>**2.Көркем әдебиет** (Алтын балта (орыс халық ертегісі))<br><br>**Міндеті:**<br>Байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br><br>**3.Дене шынықтыру** (Біздің айналамыздағы әлем)<br>**Міндеті:** Тартылып қойылған 5 жіп арқылы кезекпен секірулерін бекіту: екі аяқпен итеріліп, жерге аяқтың ұшымен түсіп, сонан соң толық табанмен түзу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай.<br>Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады.<br>**Дидактикалық ойын:** «Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.<br>Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой-пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «бағдаршам» әдісі | ойыншықтарды бір-бірінің астына қоямыз немесе жұптарды сызықпен жалғаймыз.<br>Педагог тақтаның алдына шыққан балаларға бір сөренің екі жағында орналасқан заттардың арасында өзара бірмәнді сәйкестікті анықтауға көмектеседі.<br>– Олар тең болуы үшін не істеу керек?<br>– Дұрыс. Бір жағынан артығын алып тастау керек немесе жетіспейтін ойыншықтарды қою қажет.<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бағдаршам» әдісі<br>**3. Қазақ тілі** (Менің бөлмем)<br>**Міндеті:** Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету<br>**Әдіс-тәсілдер:** меңгерген сөздерін қолданып, сөйлемдер құрайды, сұрақтарға жауап береді. | **ойын:*Ғажайып жағдаят.***<br>– Балалар, мен сендерге сиқырлы қорапша алып келдім. Оның ішінде не бар екен, ашып көрейік.<br>Педагог қорапшаның ішінен бір сурет алып шығады.<br>– Суреттен нені көріп тұрсыңдар? *(Балта)*<br>– Бұл не деп ойлайсыңдар?<br>– Ол не үшін керек?<br>Мұндай затты көргендерің бар ма? 9<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Бас бармақ» әдісі<br>**4.Дене шынықтыру** (Мультфильмдер әлемі)<br>**Міндеті:** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен | пайдасы бар?)<br>**Міндеті:** Жалпылау үшін елеулі белгілерін орнатуға үйрету;адамның қолына үйретілген, пайдасы көптеген туралы білімдерін кеңейту<br>**Әдіс-тәсілдер:** Геометриялық фигуралар бейнеленген карточкаларды тарату арқылы; өтіп жатқан тақырыпқа қарай, гүлдердің, жануарлардың атауларына қарай.<br>Педагог сұрақтар немесе ескертпелердің көмегімен балалардың топтағы жұмысына бағыт сілтеп отырады. Сол арқылы мәліметтерді дұрыс қабылдауға, дұрыс сөйлеуге үйретеді: Қандай дыбыс шығарады? Не жейді? Қандай пайда әкеледі?<br>**Дидактикалық ойын: «Ой-пой-пой» дидактикалық ойыны.**<br>Педагог мынадай жағдайларды мысалға келтіреді: Үй жануарлары орманда тіршілік ете алады. Адам үй жануарларын бағады. Шошқа бағушы жылқыға күтім жасайды. Жылқыларға арнап жылқы қора салады. Сіздерге бүгінгі ҰОҚ ұнады ма? Балалар ойынға қосылады. Егер балалар педагогтің айтқанымен келіссе: «Ой- | тұра білу шеберліктерін (машықтарын) қалыптастыру.<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Рефлексия:** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br>**Қимылды ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «От шашу» әдісі<br>**4.Шығармашылық (құрастыру,мүсіндеу, сурет,жапсыру)**<br>**Сурет салу** (Мерекелік дастархан)<br>**Міндеттері:** Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.<br>**Әдіс-тәсілдер:**<br>**Дидактикалық ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4.Дене шынықтыру** (Мультфильмдер әлемі)<br>**Міндеті:** Допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).<br><br>**Әдіс-тәсілдері:** Гимнастикалық қабырғаның бір сатысынан екінші сатысына диагональ бойынша адымдап өтуге, өрмелеуге және түсуге үйрету, қол мен аяқты үйлестіріп қозғау шеберліктерін (машықтарын) жетілдіру (тіркемелі адыммен адымдау, саты тепкішектерін қолмен ұстап).<br><br>Екі жақтан бір-біріне қарама-қарсы келіп, орындық ортасынан кері бұрылып қайтуды бекіту. (3 рет)<br><br>**Қажетті құралдар:** | **Қолданылатын көрнекі құралдар:** қуыршақтар – Сәуле мен Арман, мнемо кесте, интербелсенді тақта, қима материал, жұмыс дәптері, фишкалар.<br>**Дидактикалық ойын:** Ойын: «Қандай сөз артық?». Педагог сөздерді айтады, балалар мұқият тыңдап қандай сөзартық екенін табады. Мысалы: кереует, үстел, нан, кілем. Балалар әр дұрыс жауап үшін<br>фишкадан алады, ойын соңында фишкалар саналып, жеңімпаз анықталады.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:** «Көңілді смайликтер» әдісі<br>**4.Музыка** («Бұл қай кезде болады?»)<br>**Міндеттері:** Әннің сипатын қабылдау, дауысын дұрыс келтіріп орындау<br><br>**Әдіс-тәсілдер: :** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:** «Ленталармен жаттығу» | (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).<br>**Әдіс-тәсілдері:**<br>**Қажетті құралдар:**<br>**Рефлексия:** мадақтау, өзін-өзі бағалау<br>**Қимылды ойын:**<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«От шашу» әдісі | пой-пой, дәл солай!» – деп жауап береді. Егер келіспейтін болса: «Ой-пой-пой, олай емес!» – деп жауап береді.<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Көңілді смайликтер» әдісі<br><br>**4.Музыка** («Қыс келді»)<br>**Міндеттері:** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу.<br><br>**Әдіс-тәсілдер:** Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу. ***Музыка тыңдау:*** «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету. Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау<br>**Музыкалық ырғақтық қимылдар:**<br>«Жеңіл би»<br>**Ойындар, хороводтар:**<br>«Етек-етек» ән-ойын<br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бас бармақ» әдісі | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Рефлексия: )** Педагог ҰОҚ-ны қорытындылап, балаларды мақтайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Лақтыр-қағып ал»<br>Үш тізбекке тұрады. Бірінші ойыншылардан 2 м арақашықтықта доп ұстаған жүргізушілер тұрады. Педагогтің белгісі бойынша олар бірінші ойыншыларға допты лақтырады. Ал олар допты жүргізушіге қайта лақтырып, өздері тізбектің артына барып тұрады. Бірінші бала тізбектің басына қайтып оралғанда ол қолын көтереді. Тапсырманы жылдам орындаған топ жеңіске жетеді.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«От шашу» әдісі | (В. Моцарт). Балалар қолдарына лента ұстап, сол лентамен қимылдар жасайды.<br>Қолдарын жоғары көтеріп, қолды кезектестіріп айналдырып, орындарында тұрып айналып, қимылдар жасайды.<br><br>**Кері байланыс, рефлексия:**<br>«Бас бармақ» әдісі | | | |
| **Серуен** | | | | | |
| **Балалардыңүйгеқайтуы** | Сауболыңыз! | Кездескенше! | Ертеңгедейін,...! | Амандықтажолығайық! | Жақсыдемалыңыздар! |